| | Қазақтың ұлттық ойындарын жүргізу, арқан тартыс ойыны арқылы балаларға қазақтың салт- дәстүрін, әдет- ғұрпын, туған елге, жерге, өз отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. Ал енді барлығымыз бірге ермексаздан немесе кинетикалық құмнан елімізде әрқашан бейбітшілік болып, бейбіт күнде тату-тәтті өмір сүрейік, әрқашан күн сөнбесін деген ниеттпен күннің бейнесін мүсіндейміз. **(Мүсіндеу іс-әрекеті** | **Ойын: «Мемлекетті тап!»** Экранда мемлекеттің Туының суреті шығады. -Бұл қандай мемлекеттің туы? Президентінің аты-жөні кім? Мемлекеттің астанасы қалай аталады? **Сөйлеуді дамыту** Әдемі жалаушалар Төрт бұрыш пішінді, ұзын таяқшаға бекіту әдісі арқылы қағаз бетіне жалаушаны ұқыпты салады **Сурет салу** | Астананың макетін мұқият қарап алыңдар. Әрине, осындай жұмысты жалғыз адам істеу мүмкін емес. Сондықтан 3-4 баладан бірігіп, жұмысты тездетіп, ұқыпты орындаңдар. Пирамиданы, Пирамиданы. Үлкен, биік үйлерді 3-4 бала жасауы керек.**МАтематика негіздері** | | Балаларға киіз үйдің салу техникасын көрсету.**Сурет салу** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | ............. шығарма жанрларын (тақпақ, ертегі, әңгіме және тағы басқа) ажыратуға; - сөздерде дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айта білуін қалыптастыру. | ......... шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттау; -тілдік қарым-қатынас мәдениетін дұрыс қолдану; -оқиғаны эмоционалды қабылдауға ынталандыру. | ................. геометриялық пішіндер туралы білімдерін нақтылау: дөңгелек, шаршы, үшбұрыш. -Құрылыс материалдарынан құрастыруды үйрету. | ............... дәстүрден тыс сурет салуды (құмда саусақпен немесе таяқшамен, алақандарымен, асфальтта түрлі-түсті борлармен салуды үйрету. | ............... сөздерде дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айта білуін қалыптастыру. |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | | |
| **Серуен** | Дидактикалық ойын «Ғажайып сандық» Сандықтан түрлі геометриялық | **Дербес ойындар** Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, | Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен орындату **(музыка)** | Еркін ойындар Ойындарда физикалық қасиеттерін (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, | **Шанамен сырғанау:** төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пішіндерді бір бірден әр бала алып, көруін және сипап сезу арқылы зерттеу жасауын ұйымдастыру **(математика негіздері)** Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен айтқызу **(музыка)** **Еркін ойындар** Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту | дербестік танытуға баулу. Қимылды ойын «Сақина жасыру.» | **Еркін ойындар** Қимылды ойын «Орамал тастамақ» | ептілік) дамыту. Тақпақтарын қайталату, бүгінгі күннің ерекше сәттерін еске алу, әңгімелету **Қимылды ойын** «Ханталапай» | төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау. Еркін ойындар |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | Әдеби шығармаларды мұқият тыңдауды үйрету. «Қардан жасалған гүл» ертегісін оқып беру. **(көркем әдебиет)** Балалардың қалауы бойынша дәстүрден тыс әдіспен гүлдің суретін салу, тұзды қамырдан гүлдің мүсінін жасату, қағазды бүктеу арқылы ақ қағаздан гүл жасату. Балалардың жасаған жұмыстарының ұқсастықтарымен айырмашылықтарын байқауды үйрету. | «Менің қалам» тақырыбында үйлер құрастыру. Құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. **(құрастыру)** «Қардан жасалған | Қазақстан байрағы<br>Көк байрақтың бетінде<br>Қыран бүркіт қанатты Сол<br>қырандай еркіндеп,Бала<br>өседі талапты.<br>*М.Әлімбаев*<br>**Қазақстан**<br>Кең даласын Егін жапқан,<br>Бар баласы Бақыт тапқан.<br>Менің жерім, Туған жерім,<br>Туған елім –<br>Күн сәулелі Қазақстан!<br>*Ж.Молдағалиева*<br>тақпақтарын жаттату. Балабақшаның мерекелік ертеңгілігіне қатысу **(көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту)** Ойын. Бірнеше балаларды | Балаларды топтағы ұлттық бұрышқа алып бару. Онда қандай заттарды таниды атату. Демалық күндері қандай мереке тойладық сұрау. Жаттаған тақпақтарын, әндерін естеріне түсіріп айтқызу. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлу, ұлттық бұрыштағы заттарға қарап бейнелеу немесе мүсінін жасау, қаласа дайын өрнектерді қоржындарға жапсыру. **(сурет салу, жапсыру,** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)** | гүл» ертегісін естеріне түсіру. Шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді үйрету **(көркем әдебиет)** | тізбекке қойып, оңға солға, екі рет оңға, екі рет солған сияқты тапсырмаларды беру. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру дағдыларын дамыту. **(математика негіздері)** | **мүсіндеу)** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. | Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру. | Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу. | Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. | Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Құлагер бөбекжай-бақшасы**
**Ересек тобы-Қарлығаш**
**Желтоқсан айы 2022-23 оқу жыл 3 апта**

| Күн тәртібі | | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | | Жүрекшемен қарсы алу | Көңілді әуенмен қарсы алу | Көк түсті шармен қарсы алып,аспанымыз ашық болсын деп тілек айту | Достарына сәлемдесіп, қарсы алу |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | | Балаға ұялы телефонды көп ұстатпау туралы әңгіме | Бала десаулығы мен тазалығы жайлы әңгіме | Баланың эмоционалды көңіл күйі жайлы әңгіме | Баланың қандай дағдыларды меңгере алмай жатқаны туралы әңгімелесу |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | Сөздік ойын:«Қыс болжамы». Әңгіме:«Мен суретшімін» (қысты қалай суреттер едім) **Сөйлеуді дамыту** | Таңертеңгілік шеңбер. “Біз ересек баламыз”. Ойын: «Бұл не?» жаттығу:гигиеналық шаралар «Таза қол дар». **Қоршаған ортамен танысу** | Балалармен жыл мезгілі, туралы әңгімелесу. Дидактикалық ойын: «Жылдың қай мезгілі екенін тап». Ойын мақсаты: жыл мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін айтады. **Қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту** | «Сәлем достарым» Үстел үсті ойыны: «Құрастыру» |
| **Таңертенгі жаттығу** | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру.<br>. | Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету | Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту | Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға) жүру;<br>сапта бір-бірден, шеңбер бойымен жүргіру;<br>табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу;<br>гимнастикалық скамейканың бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру<br>Қимылды ойын:<br>Автобус<br>Спорттық жаттығулар:<br>Шанамен сырғанау: шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға) жүру;<br>адымдап жүгіру;<br>аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру;<br>гимнастикалық скамейканың бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру<br>Қимылды ойын:<br>Тегіс жолмен | **Музыка**<br>Музыкалық-ырғақты қимылдар: Үлкен шеңберге және шашырап тұрады. Қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту дағдылары жетіледі.<br><br>**Қазақ тілі**<br>Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолданабілуге үйрету | **Дене шынықтыру**<br>Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. Отырғанқалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру.<br>Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою.<br>Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды |
| | | Аяқ киімді... жөндейді. (етікші)<br>Ұшақты... жүргізеді. (ұшқыш) | -Балалар, ауырғанда дәрі беретін, емдейтін апайлар мен ағайларды дәрігер деп атайды. Дәрігер | Болды кезім мақтаған<br>Болды кезім ұқпаған<br>Болды кезім ұстаздың<br>Ойынан дәл шықпаған. | Шаштараз - шашымызды әсемдеп, қиятын маман иесі. Құрылысшы – әсем үйлер мен балабақша т. б |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Өлеңді... жазады.(ақын)<br>Тамақты... дайындалады.(аспазшы)<br>Ауруды... емдейді.(Дәрігер)<br>Өртті... сөндіреді.( өрт сөндіргіш)<br>Балаларды... оқытады.( Мұғалім)<br>Иә балалар сендер дұрыс айтасыңдар біз бүгін мамандықтар жайында сабақ өтетін боламыз.<br>- Қане балалар сендер қандай<br>- Маман иесін білесіңдер?**Сөйлеуді дамыту**<br>Суретпен жұмыс,мамандық иелерімен таныстыру<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Ойын: «Құрастыру» Суреттерді жапсыру. Маман иелері бар суретті екі топқа бөліп, ойын ойнату. Енді осы құрастырған суреттерді жапсырып шығайық.<br>**Құрастыру,жапсыру** | мамандыққа жатады<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br><br>-Балалар, біреу есік қағып тұрған сияқты. Кәне, кім екенін көрейік. Балаларға ой тастау. Тәрбиешінің көмегімен айтып береді. Қызығушылықпен қарайды.<br><br>Балабақшаның медбике апайы Әлия кіреді. -Сәлеметсіздер ме, балалар! Бүгін мен сендерге дәрігер мамандығының жұмысын көрсетіп, дәрігерге қажетті құралдармен таныстырамын. Бұл қораптың ішінде дәрігерге қажетті құралдар бар. Бұл құралмен ауырған адамның өкпесін тыңдаймыз. (әр құралға жеке- жеке тоқталып көрсетеді, балаларды тыңдап қарайды) Ал бұл құралмен қызу өлшейміз. Тамағын қараймыз. Егер ауырған болса мынадай дәрілер беріп, екпе жасаймыз. -Ал, балалар, мен қайтайын, келесі топтардың балаларын да қарап келейін. -Балалар, кейде сендер үйде ауырып қалсаңдар аналарың дәрігерді үйге шақырады. Сонда олар үйге қандай | Тәрбиеші: балалар өнерлеріңе тәнтіміз. Осы ұстаз деген - кімдерге сабақ берген. Әншіге де, жыршыға да, жүгізушіге де, президентке де, бишіге де сабақ берген. Әрбір маман иесі осы Ұлы ұстаздың алдынан өткен Көркем әдебиет<br>Тәрбиешіме сыйлық ойыны<br>Топтық жұмыс<br>Гүлді мүсіндеу,суретін саалу,жапсыру,құрастыру<br>Шығармашылық дағдылар | ғимараттарды салатын маман иесі\ал тігінші киім тігеді.**Қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту**<br><br>Тәрбиеші :Көйлекті неден тігеді ?<br><br>Балалар :Матадан .<br><br>Тәрбиеші :Қандай көйлектер болады ?<br><br>Балалар : Әртүрлі көйлектер болады .<br><br>Тәрбиеші :Қанекей балалар Әзиманың көйлегін сәндеп әшекейлеп берейік .<br><br>Балаларға көйлекті сәндеу үлгісін көрсетем .<br><br>Балалар бүгін біз екі түсті пайдаланамыз қызыл - красный,сары-жёлтый,көйлек –платье ,нүкте –точка ,ұшбұрыш –треугольник .<br><br>Алдымызда тұрған мақталы таяқшаны пайдаланып көйлекті сәндеп нүктелер түсіреміз , картоппен көйлек етегіне мөр басу арқылы таңба түсіреміз көйлегіміз сәнді әдемі көйлек болады .**Сурет** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | машинамен келеді? -Дұрыс, «Жедел жәрдем» машинасымен келеді екен. -Балалар, тыңдаңдаршы, қандай машинаның даусы? -Дұрыс, «Жедел жәрдем» машинасының даусы екен.Қоршаған ортамен танысу,сөйлеудідамыту | | **салу,математика негіздері**<br><br>Дидактикалық ойын: «Әр мамандықтардың тиісті құралын тауып белгіле?» Мақсаты: Балалардың мамандық иелерінің құралдарын ажырата білуін дамыту. Ойынның шарты: Балалардың алдына сурет беріледі, әр маман иесінің құралдарын сызба арқылы қосу.**Сөйлеуді дамыту** |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Серуен** | | Бақылау: Ауа райындағы өзгерістерді бақылау, карды бақылау.<br>Еңбек: Ауласыпырушының еңбегін бақылау, оларға көмектесу.<br>Жеке жұмыс: Жұрттың бәрі оны сүйеді, Бірақ оған қарағысы келмейді.<br>Қимылды ойын: «Алдар көсе»<br>Мақсаты: Ойын арқылы ұлттық сана – сезімін қалыптастыру. | Бақылау: Ауа райындағы өзгерістерді бақылау, карды бақылау.<br>Еңбек: Ауласыпырушының еңбегін бақылау, оларға көмектесу.<br>Жеке жұмыс: Жұрттың бәрі оны сүйеді, Бірақ оған қарағысы келмейді.<br>Қимылды ойын: «Алдар көсе»<br>Мақсаты: Ойын арқылы ұлттық сана – сезімін қалыптастыру.<br>Өзіндік іс – әрекет: Ауласыпырушыға қолдарынан келгенше көмектесу**.** | Бақылау: Жауған карды алақандарына салып бақылау (түсі, пішіні, катты, жұмсақ)<br>Еңбек: Ауласыпырушының еңбегіне араласу, сыпыруға көмектесу.<br>Жеке жұмыс: Санамақтар айту.<br>Жаттау жаттату:<br>Аппақ көше, бар дала<br>Аппақ ой мен қыраттар<br>Ақ шатырлы қар қала<br>Ақ жамылып тұр бақтар<br>Қимылды ойын: «Күн мен түн», шана тебу<br>Өзіндік іс – әрекет: Балаларды шапшаңдыққа баулу. | Бақылау: Қыстап қалған құстарды бақылау (қара қарға, сауысқан, торғай, ұзақ карға, көгершін)<br>Еңбек: Құстарға жем шашу, қамқорлыққа алу.<br>Жеке жұмыс:<br>Тікен – тікен тік пісте<br>Қысы – жазы бір түсте<br>(Шырша)<br>Қимылды ойын: «Аю мен құлпынай», «Өз үйіңді тап»<br>Өзіндік іс – әрекет: Балаларды зейінді болуға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Өзіндік іс – әрекет: Ауласыпырушыға қолдарынан келгенше көмектесу. | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюын үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, наннның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).** | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**<br>Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | Іш ауырса, тіс ауырса<br>Мамам дәрі береді,<br>Барлық бала, барлық ана<br>Оны жақсы көреді.Көркем әдебиет<br>«Мамандық құралын тап» Балалар суреттегі мамандық иесіне тиесілі құралын | «Дәрігерге баратын жолды сызып көрсет»нейрожаттығу **математика негіздері**<br>«Дәрігер» мазмұнды-рөлдік ойынын ойнау. Әр тапсырманы түсіндіреді, ойынның ережесін айтады **Сөйлеуді дамыту**<br>**Дәрігердің құралдарын мүсіндеу,жапсыру,суретін салу,құрастыру Шығармашылық** | Оқу құралдарымен таныстыру,қоршаған орта Қарындаштың бейнесін геометриялық пішіндерден құрастырып жасау,**математика негіздері** | Балалардың қалауы бойынша шығармашылық орталығында жұмыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қарындашпен сызу арқылы табады, түстерін пішінін айтады **Математика негіздері** **Шығармашылық жұмыс мамандық иелерінің құралдарын мүсіндеу** | **дағдылар** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | ................. бірнеше тік және көлденең сызықтардан заттарды салу (дуал, ағаш);<br>-шаршының ортасына, бұрыштарына қазақ ою өрнектерін жапсыруын жетілдіру. | .................... пішінін, түсі мен көлемін, ескере отырып, заттар мен ою-өрнектерді орналастыруын ынталандыру. | ....................... -қоршаған ортадағы заттарды, кеңістікті бағдарлауды меңгерту. | .............................. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдарын ажырату дағдыларын жетілдіру. |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | | Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылдыойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру **(дене шынықтыру)** | Жаңа жылдық ертеңгілікке дайындық<br><br>Еркін ойындар<br><br>**Қимылды ойын**<br>«Шымшықтар мен мысық» | Қардан қамалдар құрастырып, нысанға дәл тигізіп қар түйіршіктерін лақтыру ойындарын ойнату.<br>Еркін ойындар | Еркін ойындар<br><br>**Қимылды ойын**<br>«Мысық пен тышқан» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Еркін ойындар<br>**Қимылды ойын**<br>«Кішкентай маймылдар | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | | Киіз үйдің жабдықтарды көрсету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға баулу<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Киіз үйдегі заттарды салыстыру.<br>Екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып салыстыруды пысықтау<br>**(математика негіздері)** | Бүгін аптаның қай күні, жылдың қай мезгілі туралы сұрау. Карточкалар арқылы тәулік бөліктерінің (таңертең, күндіз, кеш, түн) сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.<br>Дидактикалық ойын «Бұл қай кезде болады?» күн тәртібіндегі іс әрекеттерді тәулік бөлігінің қай кезінде болатынын айтқызу.<br>**(математика негіздері)**<br><br>Қара жорға әнін айтқызу, би қимылдарын жасату.<br>**(музыка)** | «Бата беру» тақырыбында әңгімелесу.<br>Бата жаттату.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Бата беретін адамдардың суретін салуды ұсыну.<br>**(сурет салу)** | «Қарлығаштың ұясы» ертегісін оқып беру. Қарлығаш туралы ақпарат беру, балалардың ойларын тыңдау.<br>**(сөйлеуді дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | | Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу | Баланың бүгінгі жетістігі жайлы әңгіме | Ауа райына байланысты баланың киімі туралы әңгіме | Алда болатын іс-шараларға қатысты әңгіме |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Құлагер бөбекжай-бақшасы**
**Ересек тобы-Қарлығаш**
**Желтоқсан айы 2022-23 оқу жыл 4 апта**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, қуыршақпен қарсы алу | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен,денсаулығын тексеріп қарсы алу | Баланы алақан соғу арқылы қарсы алу | Балақай сені бүгін көңілді күн күтіп тұр деп топқа кіргізу | Қызыл жүрекшемен қарсы алу |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Қыс туралы тақпақтар жаттау **Көркем әдебиет,коммуникативтік дағдылар** | Дидактикалыақ ойын:«Төлдерін тап» Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажырата алады.Үй жануарларының төлдерін атай алады .**Қоршаған оратмен танысу** | Қимылды ойын: «Мысық пен тышқан» Мақсаты:жүру, жүгіру қимылдарын орындайды. Белгі бойынша қозғалыстар жасайды. (Тәрбиешінің көмегімен)**Дене шынықтыру** | Дидактикалық ойын: «Көліктер » Мақсаты:балаларға көліктердің суретің,көліктерді ажырата алады. **Қоршаған ортамен танысу** | Үй жануарлары». Мақсаты: Үй жануарлары түйе, ешкі, сиыр, жылқы туралы біледі. **Қоршаған ортамен танысу** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, қыстайтын құстарды коректендіру. | Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. | Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: қыста - құстарды коректендірудің қажеттігін ұғындыру | Қоғамдық орындардағы мінез-құлықережелері туралы түсініктердікеңей ту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру. | Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатка қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға) жүру;<br>сапта бір-бірден, шеңбер бойымен жүргіру;<br>оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан) лақтыру;<br>гимнастикалық скамейканың бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру | **Музыка**<br>Музыка тыңдау: Музыканы тыңдау мәдениетін сақтайды. (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйренеді | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға) жүру;<br>шеңбер бойымен жүргіру;<br>төрт тағандап еңбектеу;<br>аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру.<br>Қимылды ойын:<br>Өз түсіңді тап<br>Спорттық жаттығулар:<br>Мұз жолмен өз бетінше сырғанау. | **Музыка**<br>Музыка тыңдау: Музыканы тыңдау мәдениетін сақтайды. (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйренеді<br>**Қазақ тілі**<br>Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>Адымдап жүру;<br>сапта бір-бірден жүгіру;<br>аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру;<br>оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан) лақтыру<br>Қимылды ойын:<br>Поезд |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қимылды ойын: Тышақандар мен мысықтар | | . | | |
| | Жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін суреттер арқылы қалыптастыру. Топтағы мерекеге дайындықты байқату. Ертеңгіліктерге жаттап жүрген әндерін тақпақтарын естеріне түсіріп айтқызу. **(қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)** | «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісін оқып беру. Өз бетінше рөлді таңдап, сомдауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Ертегі желісі бойынша қалаған жануарының мүсінін жасату. **(мүсіндеу)** | «Үш торай» мультфилімін тамашалату. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдірту **(көркем әдебиет)**<br><br>Ертегі желісі бойынша ұжымдық сурет салдырту**(сурет салу).** | Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету. Дидактикалық ойын «Кім жылдам жұбын табады» ғажайып қалтадан ойыншықтар шығару, балалар топтан соның жұбын табады. **(математика негіздері)**<br><br>Сазбалшықтан шыршаға ойыншықтар жасату. **(мүсіндеу)** | «Ертең жаңа жыл» тақырыбында әңгімелесу. Үйдегі жаңа жылға дайындығы, аяз атадан алған және алатын сыйлықтары туралы өз ойларын толық сөйлеммен жеткізе білу дағдысын қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Шыршадағы ойыншықтарды санау, олардан қандай жиындар жасауға болатынын анықтау. Бірдей сандағы ойыншықтарды табу. **(математика негіздері)** |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Серуен** | Бақылау: Күннің қатты аяз соғып, суытуын бақылау.<br>Еңбек: Аула сыпырушының еңбегін бақылау.<br>Жеке жұмыс: Мақал – мәтелдер үйрету:<br>Қыс – қызыл, жаз – жасыл.<br>Бір тал кессең,<br>Он тал ек.<br>Қимылды ойындар: | Бақылау: Желдің соғу бағытын бақылау (желдің әсерін ағаштың қисаюі, қандай құбылысқа жататынын анықтау)<br>Еңбек: Балалармен аулада қар күреу.<br>Жеке жұмыс: Бір – бірімен тату ойнауға, сыйластыққа, жылы сөз айтуға үйрету. | Бақылау: Терезеге салған аяз өрнегін бақылау.<br>Еңбек: Топта табиғат бұрышында балықтарды жемдеу.<br>Жеке жұмыс: Қыс айларын жаттату (желтоқсан, қаңтар, ақпан)<br>Қимылды ойын: «Ұшты – ұшты»<br>Өзіндік іс – әрекет: балаларды ептілікке, шапшаңдыққа үйрету | Бақылау: Терезеден адамдардың қысқы қалың киімдерін бақылау. Оларды атау.<br>Еңбек: Топтағы гүлдерді қопсытып, су құю.<br>Жеке жұмыс: Ерқанатқа, Жангелдіге, Ерназарға еңбек түрлерін айтқызу (қар күреу, жем шашу, суару)<br>Қимылды ойын: «Доп лақтыру»<br>Өзіндік іс – әрекет: Артық, | Бақылау: Айнала қысқы еңбек жайында әңгімелеу, адамдар еңбегіне бақылау жасау.<br>Еңбек: құстардың тіршілігін бақылау, оларға жем шашу.<br>Жеке жұмыс: 1 – 2 құстың үлкендігін салыстырып, түрі, түсі немен қоректенетінін 5 – 6 баладан шеңбер жасап айтып әңгімелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шанамен ойындар ойнау. Шаңғы тебуге үйрету. | Қимылды ойын: «Допты домалат», «Кегли»<br>Өзіндік іс – әрекет: спорттық ойын түрлерін ойнауға жаттықтыру. | | кем, қанша, болса сонша ұғымдарын қалыптастыру | Қимылды ойын: Шаңғымен жарыстырып ойындар ұйымдастыру.<br>Өзіндік іс – әрекет: балалардың денсаулықтарын нағайтып, таза ауа жұтуға дағдыландыру. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюын үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).** | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**<br>Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Кітаптар қарау. Таныс ертегі қойылымын жасату.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Балаларды топты безендіруге қатыстыру үшін топты безендіруге | Өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атауды жетілдіру (бас, аяқтар, қолдар).<br>Еңбек құралдарын оң қолымен солдан оңға қарай | Топтағы көліктерді санату, салыстыру. жиын жасату.<br>**(математика негіздері)**<br><br>Топтағы гүлдердің мүсінін жасау және қағаздан жасату.<br>**(мүсіндеу, жапсыру)** | Шырша бұтақтарынынан композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеруін қадағалау;<br>**(жапсыру)** | Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер.<br>Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарату, әңгімелесу.<br>Шырша ойыншықтарының суретін салу, мүсінін жасату, немесе қағаздан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арналған заттардың үлгісіне қарап орталықтарға бөлініп іс әрекеттер жасату. **(мүсіндеу, сурет салу, жапсыру)**<br><br>жаңа жыр әнін айтқызу **(музыка)** | орналастыруды пысықтау **(математика негіздері)**<br><br>Жаңа жыл ертеңгілігіне дайындық, тақпақтарын, әндерін қайталау. Ертегіні рөлге бөліп сомдату. **(көркем әдебиет)**<br><br>Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта жапсыру әрекетін жасату. **(жапсыру)** | | «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегінің кейіпкерлерінің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** | өздері ойыншық жасауына мумкіндік беру. **(сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | ........... сөздерде дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айта білуін қалыптастыру. | ................. құрылыс материалының негізгі бөлшектері, олардың бөлшектері туралы білімді қалыптастыру, оларды түсі, шамасы бойынша тануды үйрету. | ................. бірнеше тік және көлденең сызықтардан заттарды салу (дуал, ағаш);<br>-шаршының ортасына, бұрыштарына қазақ ою өрнектерін жапсыру | ................. екіқарама-қарсы және бірдей заттарды ұзындығы, ені, биіктігі мен жуандығы бойынша салыстыра білуді бекіту. | .................. кеңістікті және уақытты бағдарлауды үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | Еркін ойындар<br><br>Қардан әр түрлі құрылымдар құрастыруды жетілдіру. **(Құрастыру)**<br><br>**Қимылды ойын** | **Қимылды ойын** «Шеңберге түсір» | Балалардың қалауы бойынша ән айту, қимылды би билету. **(муызка)**<br><br>Еркін ойындар<br>**Қимылды ойын** «Жалауға қарай жүгір» | Еркін ойындар<br>**Қимылды ойын** «Поезд» | Шанамен сырғанау.<br><br>Еркін ойындар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Жоғары лақтыр» | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | Геометриалық пішіндерден шырша құрастыру.<br>-Балалар, мынау қандай пішіндер?<br>- геометриялық фигуралар<br>- үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек.<br>- әр түрлі, үлкен, кіші, орташа<br>-түсі қандай<br>**Математика негіздері** | Әдемілеп біз ілген,<br>Ойыншықтар тізілген.<br>Қандай әсем шыршамыз.<br>Ән шырқайық баршамыз<br>**Көркем әдебиет** | Қойдың бейнесін жапсыру<br>Түйені мүсіндеу<br>Тышқанды құрастыру<br>Сиырдың суретін бояу<br>**Шығармашылық дағдылар** | Күлшеқыздың туфлиин безендіру **сурет салу**<br>Күлшеқызға арба құрастырып беру.**Құрастыру** | Тіл ұстарту.<br>«Ыс - ыс - ыс, келіп жетті қыс»<br>«Ар - ар - ар, жауып жатыр ақша қар»**көркем әдебиет** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата аналарға кеңес «Бүгін балабақшада нендей қызықтар болды».Өз баласын әңгімеге тартуы | Балалардың еркін ойындары.<br>Өз беттерінше ойындар ұйымдастыра білу. | Балалардың еркін ойындары.<br>Өз беттерінше ойындар ұйымдастыра білу. | Қимылды ойын «Жасырынбақ»<br>Балаларды шапшаң болуға үйретеді. | Балалардың еркін ойындары.<br>Өз беттерінше ойындар ұйымдастыра білу |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Желтоқсан айы 2023 жыл 1 апта**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі<br>04.12.2023 | Сейсенбі<br>05.12.2023ж | Сәрсенбі<br>06.12.2023ж | Бейсенбі<br>07.12.2023ж | Жұма<br>08.12.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, | Балаларды көтеріңкі көңіл | Баланы алақан соғу арқылы қарсы алу | Балақай сені бүгін көңілді күн күтіп тұр деп топқа кіргізу | Қызыл жүрекшемен қарсы алу |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | қуыршақпен қарсы алу | күймен,денсаулығын тексеріп қарсы алу | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Шананың қандай материалдардан жасалғанын өз бетіншеанықтаужәне талдау,олардың сапаларыменқасиеттерін сипаттауды меңгерту. Балалардың алып келген шаналарын қарап, салыстыру. **Қоршаған ортамен таныстыру** | Топтық жұмыс. Ертегі желісі бойынша жануарлардың дайын пішіндерін қиып ретімен сюжеттік композициялар жасауды, оларды сәнді бөлшектермен толықтыруды,жекеж әнетоппен бірлесіпжасауды,онд аміндеттерді келісіпатқаруды үйрету. | Сөйлемтуралыбастапқытүсініктердіқалыптастыру. Қарындашты дұрыс,еркінұстап,үстіненк аттықысыпкүштүсірмей,са усақтарменбіркелкісызықт ардыүзбейсалуды дамыту. **Сауат ашу негіздері** | **Ән айту** Ән айту дағдыларын қалыптастыру **Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; **Музыка** | «Кәрі аяз бен жас аяз» ертісін кітаптан оқып беру. Әдебикейіпкердіңбелгілібі рәрекетін бала қалайқабылдағанытуралы айтуды,кейіпкерлердіңжас ырынәрекетінтүсінуін дамыту. **Көркем әдебиет** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау(басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасату. | Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану | Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. | Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру дағдыларын жетілдіру | Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айтуды, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсінуін дамыту. Көркем шығарманы рөлдергебөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дағдыларын қалыптастыру. | | | күйі мен мінезін, бейненің қимылын,интонациясы мен мимикасын беруді меңгерту |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Қыс.<br>Кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ажырата білуге баулу. Мазмұны бойынша әңгімелесуге үйрету; балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту.Еңбеккорлыққа тәрбиелеу<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырып:** Дыбыстық талдау. [н]<br>Сөздегі дыбыс санын анықтай алуға үйрету, дыбыстық талдау жасауды үй-ретуді жалғастыру.Сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.Дербес жұмыс істеу алуға және әрқашанда ақжарқын жүруге тәрбиелеу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырып:** Менің көңілді добым.<br>Төзімділікке, ұйымшылдыққа | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырып:** Мысық, әтеш және түлкі (ертегі)<br>Ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға,ертегіні әңгіме-леу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдануға үйрету. Ертегі мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдау, қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және өзара жағымды қарым-қатынасын дамыту. Жағымды әдеттерді бағалай білуге тәрбиелеу.<br><br>**Сауат ашу**<br>**Тақырып:**<br>Дыбыстық талдау.<br>Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасату.Өз ойын еркін жеткізе білуге жағдай жасау, сұраққа толық, тиянақты, нақты | **Математика негіздері**<br>**Тақырып:**Жыл мезгілдері Ай атауларын жыл мезгілдері бойынша рет-ретімен атауға үйрету және табиғат құбылыс-тары туралы ұғымдарын бекіту.Зейін, жад, сөйлеу, логикалық ойлауды, сәйкестік табуды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.Дербестікке баулу.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырып:** Дыбыстық талдау.<br>Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасату.Өз ойын еркін жеткізе білуге жағдай жасау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыру.Мамандық иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырып:** Асықпен ойналатын ойындар.<br>Түрлі жағдайларда (шу) зейіндерін шоғырландырып,тапсырманы дұрыс орындай білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Асықпен орындалатын | **Қазақ тілі**<br>**Тақырып:** «1001 мақал,101 жұмбақ пен жаңылтпаш» ойыны<br>Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру.Жаңаны білуге деген құштарлықтарын арттыру,қайыр-қа тәрбиелеу.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырып:** «Қойшы, түлкі және аю»(қуыршақ театры)<br>Үйлесімді қимылды дамыту, әртүрлі дауыс күшін қолдана отырып, кейіпкердің эмо-циялық бейнесін бере білу, түрлі қуыршақтарды қолданып, олармен ойнау тәсілін игере білуді дамыту, кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану, тапқырлыққа,табандылыққа тәрбиелеу.<br>**Математика негіздері**<br>**Тақырып:** Жыл мезгілдері<br>Ай атауларын жыл мезгілдері бойынша рет-ретімен атауға үйрету және табиғат құбылыс-тары туралы ұғымдарын бекіту.Зейін, жад, сөйлеу, логикалық ойлауды, сәйкестік табуды, қолдың ұсақ моторикасын | **Математика негіздері**<br>**Тақырып:** Ауыр. Жеңіл<br>«жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалана отырып, салыстыруды үйрету; заттардың салмағын өлшемі бойынша анықтауды үйрету; заттың салмағы оның өлшеміне байланысты емес, деген ұғым беру. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату білігін бекіту.Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.Шыдамдылыққа тәрбиелеу<br>**Қазақ тілі**<br>**Тақырып:** Әсем қала – Алматы<br>Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру. Алматы қаласын мақтан тұтуға тәрбиелеу<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырып:** Тұрмыстық техника, оның қажеттілігі<br>Тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Олардың атқаратын қызметімен таныстыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
